

**«6D060400 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Бекова Гүлдана Таңбайқызының «Ферромагнетиктердің сыйықты емес солитонды модельдерін зерттеу»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған зерттеу нәтижелері мемлекеттік ғылымды дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын 0888/ГФ4 «Жалпыланған Шредингердің сыйықты емес тендеуін және олардың редукцияларын зерттеу» (2015-2017 жж.) және АР14972426 «Солитондар теориясы негізінде ферромагнетиктердегі толқындық процестерді моделдеу» (2022-2024 жж.) арналған ғылыми зерттеу жұмысының жоспарына сәйкес орындалған.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыты – 10. Жаратылыстану ғылыми саласындағы ғылыми зерттеулер бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымга маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Г.Т.Бекованың диссертациялық жұмысы математикалық физика бағытында ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер бүгінгі таңда ферромагнетиктердегі жаңа құбылыстар мен әсерлердің болжаяға мүмкіндік береді, бұл тәжірибелік зерттеулер мен жаңа технологиялардың дамуын ынталандыруы мүмкін.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа;	Ізденуші орындаған жұмыс дербес зерттеу болып табылады. Фалыми-тәжірибелік маңыздылығы бар және диссертациялық жұмыста келтірілген барлық мәліметтерді автор өз бетімен алған.

		3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеу нәтижелері импакт-фактор жоғары журналда, шетелдік және отандық конференцияларда жариялануымен және бірінші немесе корреспондент автор болуымен расталады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі таңда ферромагнетиктерде бейсызықты солитон модельдерін зерттеу физика мен материалтанудағы қазіргі және перспективалы бағыт болып табылады. Соның ішінде Г.Т.Бекованың диссертациялық жұмысында қарастырылған теориялық зерттеулер ферромагнетиктердегі солитон құрылымдарын анықтауға және талдауға көмектесетін жаңа әдістер мен зерттеу әдістерін дамытуға ықпал ете алады. Бұл компьютерлік модельдеудің жаңа әдістерін, математикалық талдауларды және сандық есептеулерді қамтуы мүмкін.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тиянақты және диссертация тақырыбы бойынша зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық қамтиды. Диссертация жалпыланған Гейзенбергтің ферромагнетик моделі, бейсызықты Шредингер моделі сияқты т.б. модельдерді зерттеуге арналған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Г.Т.Бекованың қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ғылыми тұжырымдары өзара толықтай байланысқан. Г.Т.Бековның диссертациялық жұмысы кіріспеден, З тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары тақырып бойынша жүйелі түрде бір-бірімен логикалық түрде толық байланысқан, қойылған міндеттері мен мақсаты толығымен орындалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген;	Дарбу түрлендіру әдісі, tanh әдісі және т.б. әдістерді қолдана отырып, Гейзенбергтің жалпыланған ферромагнетик тендеуі, бейсызықты Шредингер тендеуі және басқа да бейсызықты интегралданатын тендеулердің солитонды шешімдері алынды және ұсынылған жаңа шешімдер дәлелденіп, бағаланған.

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жана болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста алғаш рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Гейзенбергтің жалпыланған ферромагнетик теңдеуі мен Коно-Ооно теңдеуімен арасында геометриялық және калиброті байланыс орнатылды. Коно-Ооно теңдеуінің солитонды шешімі алынды. - Келісілген көздері бар Гейзенбергтің жалпыланған ферромагнетик моделі мен жалпыланған комплексті қысқа импульсті теңдеуінің дифференциалды геометриясы зерттелінді. - Ферромагнетиктердегі спиндік толқындардың өздігінен әрекеттесуін сипаттайтын бейсызықты Шредингер теңдеуі типті теңдеулердің бір және екі солитонды шешімдері құрылды, олардың сақталу зандары табылды.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациянда алынған ғылыми нәтижелер мен түжірымдар толығымен жаңа болып табылады және қорытынды бөлімінде толығымен келтірілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Алынған нәтижелер материалтану, талшықты оптика, телекоммуникация және басқа техникалық салаларда бейсызықты құбылыстарды сипаттау үшін қолдануылуы мүмкін.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/ негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың мазмұнының логикалық байланысы бар және қорытындыға негізделген. Алынған нәтижелер Web of Science және Scopus деректер базасына енетін журналдарда жарияланған.
7.	Корғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	Диссертацияда корғауға ұсынылған үш негізгі түжірым келтірілген:

негізгі қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1. Келісілген көздері бар Гейзенбергтің жалпыланған ферромагнетик моделінде спиндік вектор \mathbf{A} және базистік вектор \mathbf{e}_1 тепе-тен ($\mathbf{A} \equiv \mathbf{e}_1$) болғанда, комплексті қысқа импульсты тендеудің жалпыланған түрімен өзара геометриялық және калиброті эквивалентті болады.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кен</p> <p>7.5 ия</p> <p>2. Келісілген көздері бар Гейзенбергтің жалпыланған ферромагнетик моделінде потенциал $\mathbf{W} = 0$ болса, онда ол Гейзенбергтің жалпыланған ферромагнетик моделіне келеді және ол комплексті байланысқан дисперсиясыз Конно-Ооно тендеуімен геометриялық эквивалентті болады және оның шешімі солитонды шешімге сәйкес келеді.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кен</p> <p>7.5 ия</p> <p>3. Ферромагнетиктердегі спиндік толқындарды сипаттайтын екі өлшемді бейсзықты Шредингер тендеуінің $\delta = 1$ «тартылыш» кезінде бір және екі солитонды шешімдері болады және оның екі солитонның соқтығысы серпімді, яғни әсерлескеннен кейін өзінің пішінін мен жылдамдығын сақтайды.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кен</p> <p>7.5 ия</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған нәтижелер 12 ғылыми жұмыста көлтірілген, оның ішінде импакт-факторы жоғары шетелдік журналдарда 2 макалада; шетелдік ғылыми конференцияларында 7 макалада жарияланды және Ғылым</p>
-----------------------	--	--

			және жоғарғы Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған мерзімді басылымдарда З макалада жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>и亞;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістер мен әдістемелік тәсілдер толығымен сипатталған. Әртүрлі дереккөздеріне жанжақты шолу жасалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>и亞;</u> 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері, яғни қарастырылған моделдердің шешімдерінің графиктері Maple 18 бағдарламасымен күрылды. .
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>и亞;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен өзіндік зерттеулермен дәлелденген және ғылыми жарияланымдардың бар болуымен расталады және оларға қайшы келмейді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Ізденуші пайдаланылған маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста 195 дереккөз пайдаланған. Барлық дереккөздер ғылыми өзекті материалдарды қамтиды және диссертация тақырыбына аналитикалық әдеби шолу жүргізуге жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>и亞;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс теориялық сипатта болып табылады. Алынған нәтижелерді солитондар теориясы бағытындағы зерттеулерде қолданылады, мысалы Гейзенбергтің ферромагнетик тендеуі, сызықты емес Шредингер тендеуі типті тендеулердің динамикасын зерттеуде маңызды.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля</u>; 2) <u>жок</u> 	Алынған нәтижелер ферромагнетиктердегі солитондардың пайда болуын сипаттауда үлкен үлес қосады. Бұл магниттік-оптикалық құрылғыларға әсер ететін басқарылатын магниттік қасиеттері бар материалдарды жасау үшін қолдануға болады.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	Диссертациялық жұмыстағы теориялық зерттеулер магниттік құбылыстар туралы іргелі түсініктерімізді кеңейтуге көмектеседі. Бұл тәжірибелі түрде тексерілетін жаңа теориялық тұжырымдамалар мен болжамдарға әкелуі мүмкін. Кейбір нәтижелерді әктивті курсарды оқығанда оқу үдерісінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	Диссертациялық жұмыс сауатты ғылыми-техникалық тілде, түсінікті стильде жазылған және оңай оқылады. Негізгі тұжырымдар сенімді және толықтай аяқталған.

Ресми рецензенттің шешімі: Бекова Гүлдана Таңбайқызының «Ферромагнетиктердің сыйықты емес солитонды модельдерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған, толығымен аяқталған және өзіндік ғылыми зерттеу сипатына ие. Диссертациялық жұмыс мазмұны мен рәсімделуі бойынша, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы Білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің қоятын талаптарына толық сәйкес келеді және алынған нәтижелер халықаралық журналдарда жарияланған. Бекова Гүлдана Таңбайқызы «6D060400–Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Академик Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды университеті,
физика және нанотехнология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
физика-математика ғылымдарының кандидаты



Кудусов А.С.